Ғылыми кеңес 30.01.2025

Слайд 1

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Сіздерге 2024 жылғы консерваторияның Даму бағдарламасы мен жоспарының орындалуы туралы есеп беруге рұқсат етіңіздер.

Слайд 2

Құрманғазы атындағы ҚҰК 2023 - 2029 жылдарға бағдарламасы мен даму жоспарын өзгерту негіздері:

- ✓ Білім және ғылым министрлігінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 5-07-1/3433-I нұсқау хаты;
- ✓ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын және ғылыми ұйымдарды дамыту бағдарламалары мен жоспларын әзірлеу және іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- ✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі;
- ✓ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар қызметінің ұсынылатын негізгі көрсеткіштерінің тізбесі және т.б.)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ

БАҒДАРЛАМА

27 маусым 2023 ж. күн

Алматы қ.

РГУ «Казахская национальная консерватория имени Курмангазы» Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

ПРОГРАММА

№ ПР-01-23

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитетінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесі
ректорының м. у. а.
Г. Б. Әбдірахман
«27» маусым 2023 жыл

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы және даму жоспары

Әзірлеген:			
Ректордың м. у. а. 13.06.2023 № 58 бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы			
Торағы		Г. Б. Әбдірахман	27.06
Торағы орынбасары		Ж. Д. Ураымбетов	27.06
Келісілген:			
Ғылыми-шығармашылық жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор		Г. З. Бегембетова	26.06
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		М. А. Ешмуханов	26.06
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші		О. Омарұлы	25.06
Заң секторының басшысы		О. К. Тлегенова	24.06

Өздеріңіз білетіндей, консерваторияның негізгі бағдарламалық құжаты 2023 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Нұсқаулық хаты негізінде жаңартылды. Консерваторияның Жаңа бағдарламасы мен даму жоспары Ғылыми кеңестің отырысында бекітіліп, 2023 жылдың 27 маусымдағы №12 хаттамасымен тіркелді. Бағдарламаға өзгерістер енгізу кезінде келесі құжаттар назарға алынды: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін Даму бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, осындай ұйымдардың тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі, сондай-ақ басқа да нормативтік актілер.

Осыған қарамастан, біз бүгін Ғылыми кеңестің талқылауы мен бекітуіне консерваторияның Даму бағдарламасы мен жоспарына кейбір бағыттар бойынша өзгерістер енгізуді жоспарлап отырмыз.

Слайд 3

Біздің миссиямыз және Көрінісіміз

Консерваторияның **МИССИЯСЫ** ел ішінде және одан тыс жерлерде өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға қабілетті кәсіби музыкалық өнер және білім беру саласында бәсекеге қабілетті тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік берумен көрініс табады.

Консерватория 2029 жылы сұранысқа ие кәсіби музыкант орындаушыларды, композиторларды, музыкатанушыларды, музыкалық театр режиссерлерін, дирижерлер мен арт-менеджерлерді даярлау бейіні бойынша орындаушылық, ағартушылық және педагогикалық дағдыларды меңгерген, өз қызметінде ғылымның, креативті және цифрлық индустрияның жетістіктерін пайдаланатын, қоғамның рухани дамуында әлемдік үрдіске кірігуге қабілетті заманауи шығармашылық ЖОО болып көрінеді.

Консерваторияның миссиясы ел ішінде және одан тыс жерлерде өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға қабілетті кәсіби музыкалық өнер және білім беру саласында бәсекеге қабілетті тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік берумен көрініс табады.

ЖОО келешегі. Консерватория 2029 жылы сұранысқа ие кәсіби музыкант орындаушыларды, композиторларды, музыкатанушыларды, музыкалық театр режиссерлерін, дирижерлер мен арт-менеджерлерді даярлау бейіні бойынша орындаушылық, ағартушылық және педагогикалық дағдыларды меңгерген, өз қызметінде ғылымның, креативті және цифрлық индустрияның жетістіктерін пайдаланатын, қоғамның рухани дамуында әлемдік процеске кірігуге қабілетті заманауи шығармашылық ЖОО болып көрінеді.

Слайд 4

Бағдарламаның стратегиялық бағыттары

•№ 1: Музыкалық өнер, кәсіби музыкалық білім беру және арт-менеджмент саласында бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау;
•№ 2. Консерваторияның ғылыми-зерттеу және шығармашылық дамуы;
•№ 3. Білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметті интернационалдандыру;
•№ 4. Білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды жаңғырту;
•№ 5. Консерваторияның бәсекеге қабілетті білім беру және еңбек әлеуеті;
•№ 6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау, дайындық курстарының тыңдаушыларын оқыту жөніндегі қызметтер;
•№ 7. Тәрбие жұмысы және студенттік өзін-өзі басқару.

Слайдта көрсетілгендей, Консерватория жеті стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жасайды,

Слайд 5

Бірінші стратегиялық бағыт: Музыкалық өнер, кәсіби музыкалық білім беру және Арт-менеджмент саласында бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау.

Мақсаты: консерваториялық білім берудің тартымдылығы мен сапасын арттыру.

Слайд 6

1-1

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
1	Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны	Бірлік.	0	4
2	Major-Minor бағдарламасына қатысатын студенттер саны	Бірлік.	4	36
3	Республиканың және/немесе шетелдің ашық онлайнплатформаларында орналастыра отырып, ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) әзірлеу және енгізу	Бірлік.	2	1
4	Әзірлеу және іске асыру кезінде мәдениет және өнер саласының өкілдері тартылған ББ үлесі	%	100	100
5	Цифрлы форматқа кошірілген кітапхананың кітап қорының үлесі	%	55	55

Консерваторияның оқу процесі бакалавриаттың 8 білім беру бағдарламасы, магистратура мен докторантураның 7 бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. 2024 жылдың шілде-тамыз айларында талапкерлерді қабылдау өткізілді, мемлекеттік тапсырыс бакалавриат бойынша 250 орынды, магистратура бойынша 40 орынды және магистратура бойынша 6 орынды құрады. Мемлекеттік тапсырыс 100% игерілді. Қабылдау статистикасы консерваторияға оқуға түсушілердің сұранысының тұрақтылығын көрсетеді (4-слайд). 2024 жылдың желтоқсан айындағы білім алушылар контингенті 1092 бакалавриат студенті, 88 магистрант және 14 докторантты құрайды. Маңызды көрсеткіштердің бірі – Major-Minor бағдарламасына қатысатын студенттер саны, 2024 жылы олардың саны 36 адамды құрады. Бағдарлама студенттерге еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қосымша біліктілік алуға мүмкіндік береді.

Слайд 7

«ӨНЕР» жаңа ББ бағдарламалары

6В02121 Дәстүрлі музыка өнері (түрлері бойынша)

6В02119 Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша)

6В02120 Вокалдық өнер (жаңа ББ, жаңа шифрлармен)

6В02118 Әскери үрмелі аспаптар оркестрінің дирижері

2024 жылы консерваторияның 6 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленіп жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді: 6В02121-Дәстүрлі музыка өнері (түрлері бойынша), 6В02119-Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша), 6В02120-Вокалдық өнер (жаңа ББ, жаңа шифрлармен), 6В02118-Әскери үрмелі аспаптар оркестрінің дирижері. Аталған білім беру бағдарламаларының 3-і білім беру бағдарламалары тобының шифрларының өзгеруіне байланысты қайта енгізілді. 6В02118-Әскери үрмелі аспаптар оркестнің дирижеры - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институты» Республикалық мемлекеттік мекемесімен бірлесіп жасалған жаңа білім беру бағдарламасы.

Слайд 8

12

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
6	Пәндерді оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету	%	78%	79, 03
7	Пәндерді қазақ тіліндегі оқуәдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету	%	41	46,03
8	Өнердегі заманауи цифрлық технологияларды, кәсіпкерлікті, ғылыми зерттеу негіздерін оқыту бойынша пәндерді әзірлеу және жоспарларына енгізу	Бірлік.	0	23
9	Қазақ тіліндегі өнер пәндері бойынша жарияланған электрондық оқулықтардың саны	Бірлік.	1	2
10	Жаңа ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу әзірлемелерін енгізетін пәндер саны	Бірлік.	16	8
11	Білім беру үдерісіне ғылыми-зерттеу жұмыстарын енгізу актілерімен қамтамасыз ету	Бірлік.	16	9

Қазақ тіліндегі әдебиеттердің аздығы :

- Арнайы фортепиано – 21%
- Ансамбль өнері – 23%
- Ішекті аспаптар- 27%
- Үрмелі және сокпалы аспаптар – 23%
- Жалпы фортепиано - 20%
- Музыкатану және композиция– 18%
- Арт-менеджмент – 25%.

Пәндерді оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету – негізгі мәселелердің бірі. Жалпы жаңа оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу консерватория бойынша 79% құрайды.

Жалпы ЖОО бойынша қазақ тіліндегі әдебиетпен қамтамасыз ету 46% құрады, бірақ соңғы жылдары келесі кафедралардың пәндері бойынша жағдай өзгермеді – арнайы фортепиано - 21%; ансамбль өнері - 23%; Ішекті аспаптар - 27%; үрмелі және ұрмалы аспаптар - 23%; жалпы фортепиано - 20%; музыкатану және композиция - 18%; Арт-менеджмент - 25%.

Енгізу актілері бойынша жаңа ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу әзірлемелерін енгізетін пәндер санының көрсеткіштері нормадан екі есе төмен.

Слайд 9

13

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
12	Ішкі академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттер саны (шығыс/кіріс)	Бірлік.	2/1	3/2
13	Білім деңгейі бойынша студенттер саны (бакалавр./магистр/доктор.)	Бірлік.	1070/86/11	1104/88/14
14	Оқу нысандары бойынша студенттер саны (бюджет/ақылы.)	Бірлік.	Бак. 986/72 Магистр. 72/14 Доктор. 10/1	Бак. 986/118 Магистр.79/ 9 Доктор.14/0
15	Студенттердің жалпы санынан ағылшын тілінде оқитын студенттер саны	Бірлік.	1	1
16	«Алтын белгі» белгілері бар, жоғары оқу орындарына түскендердің, халықаралық олимпиада жеңімпаздары, ағымдағы оқу жылының ғылыми және шығармашылық конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дипломдарымен марапатталған) жалпы санынан үлесі	Бірлік.	13	55% (133 бірлік)

2024 оқу жылында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясынан 2024 жылғы 22 қаңтар мен 05 маусым аралығында сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша Қазақ ұлттық өнер университетіне 3 студент жіберілді, сондай-ақ 2 семестрге Қазақ ұлттық өнер университетінен 2024 жылғы 22 қаңтар мен 28 мамыр аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына 2 студент қабылданды.

Сыртқы ұтқырлық					
№	АЖТ	Курс	Мамандық	Қабылдаушы ЖОО	Мерзімдері
1	Ақымет Ержанат	3	6В02123 – Арт-менеджмент	Қазақ ұлттық өнер университеті	22.01-05.06.2024ж.
2	Жеткірбай Ақниет	3	6В02123 – Арт-менеджмент	Қазақ ұлттық өнер университеті	22.01-05.06.2024ж.
3	Кадыров Диас	3	6В02123 – Арт-менеджмент	Қазақ ұлттық өнер университеті	22.01-05.06.2024ж.
Ішкі ұтқырлық					
№	АЖТ	Курс	Мамандық	Қабылдаушы ЖОО	Мерзімдері
1	Исмагулова Ясмина	3	6В02106 – Арт-менеджмент	Қазақ ұлттық өнер университеті	22.01-28.05.2024ж.

2	Қайназаров Батырхан	3	6В02106 – Арт-менеджмент	Қазақ ұлттық өнер университеті	22.01-28.05.2024ж.

Слайд 10

№ 2 стратегиялық бағытта Консерваторияның ғылыми-зерттеу және шығармашылық дамуы көзделген.

Біздің мақсат: Ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметті жүргізу үшін мүмкіндіктерді кеңейту; ЖОО-нын музыка ғылымы мен ағартушылықтың үдемелі дамуын қамтамасыз ететін мобильді ғылыми-шығармашылық орталық ретінде орналастыру.

Слайд 11

2-1

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
17	ПОҚ жалпы санынан білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ үлес	%	1, 5	1, 3
18	Зерттеу қызметімен айналысатын ПОҚ үлесі	%	46	42
19	Білім алушылардың жалпы контингентінен ҒЗЖ-ға қатысатын білім алушылардың үлесі	%	10	35
20	ҚР ҒЖБМ және ҚР МАМ ғылыми қызметті гранттық қаржыландырудың бірлескен жобалары мен бағдарламаларына қатысу	ед	1	2 (не от КНК)
21	ҒЖБССҚК, басылымдарында ПОҚ жарияланымдары	Бірлік.	55	43
	РҒДИ басылымдарында ПОҚ жарияланымдары	Бірлік.		

ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 25.01.2024 жылғы № 101 бұйрығымен Saryn журналы «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енді. Бүгінгі күні журналдың 4 шығарылымы жарыққа шықты.

Консерваторияның шығармашылық ерекшелігіне байланысты зерттеу қызметімен айналысатын ПОҚ үлесі 42% құрайды, бұл белгіленген жоспардан 4%-ға аз (46% - дан). Жыл сайын оқытушылардың ҚР ҒЖБМ және ҚР МАМ ғылыми қызметін гранттық қаржыландыру жобалары мен бағдарламаларына қатысуы жөнінде мәселе туындайды. Бұл жобаларға консерватория ресми түрде қатыса алмайды, өйткені РММ гранттық ғылыми жобалар бойынша қаржыландыруды ала алмайды. Бірақ бірлескен ғылыми жобаларды, яғни басқа ұйымдармен ынтымақтастықта жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты күшейту қажет.

Соған қарамастан ПОҚ мен білім алушылар өздерінің ғылыми қызметінің нәтижелерін әлемдік кеңістікке интеграциялау үшін қазіргі заманғы музыка ғылымының өзекті мәселелері бойынша жарияланымдардың сапасын арттыруды жалғастыруда.

Консерватория ҒЖБССҚЕК, ҰМҒТСО, РҒДИ, CyberLeninka, RILM халықаралық ақпараттық ресуртстарда индекстелетін, рецензияланатын журнал шығарады. ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 25.01.2024 жылғы № 101 бұйрығымен Saryn журналы «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енді. Бүгінгі күні журналдың 4 шығарылымы жарыққа шықты.

Слайд 12

2-2

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
22	Библиометриялық деректер базасына кіретін басылымдардағы ғылыми жарияланымдар саны (Web of Science Scopus)	Бірлік.	14	13
23	Есепті кезеңді қоса алғанда, соңғы бес жылда құжатқа сілтемелердің орташа саны (Web of Science и Scopus)	Бірлік.	1	2
24	Зерттеуші-мамандардың жалпы санымен қоса алғанда 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың саны	Бірлік.	4	59
25	Жоғары h-индексі бар шетелдік ғалымдардың үлесі	Бірлік.	1	1
26	Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) жарияланымдары	Бірлік.	48	99

Соңғы үш жылда профессорлық-оқытушылық құрамының сапалық көрсеткіштері айтарлықтай өзгерген жоқ. 2024 жылдың есепті кезеңінде барлық ПОҚ (7 адамға), штаттық ПОҚ (9 адамға), ғылым кандидаттары (3 адамға), «профессор ҒЖБСҚЕК» ғылыми атағы бар адамдар (2 адамға), «Халық әртісі» (1 адамға), «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» (1 адамға) атағы иегерлері саны өсті.

Келесі санат бойынша сандық көрсеткіштер қысқарды: «Қауымдастырылған профессор (доцент ҒЖБСҚЕК)» ғылыми атағы бар адамдардың саны (4 адамға).

«Ғылым докторы» (7 адам), «PhD докторы» (18 адам), «ҚР еңбек сіңірген әртісі» (10 адам) санаттары бойынша көрсеткіштер өзгерген жоқ.

ПОҚ жалпы санының дәрежелік үлесі (ғылыми дәрежесі және атағы) бойынша 2023 жылғы – 48,4%-дан 2024 жылы – 42% түсті.

Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің мәліметінше, факультеттерде кадрлар құрамы жасаруда – біздің түлектер, жас музыканттар жұмысқа қабылдануда. Соңғы үш жыл ішінде бізде ПОҚ кадрлық құрамының келесідей көрсеткіштері бар.

Слайд 13

2-3

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
27	ЖОО бастамасы бойынша өз базасында өткізілген ғылыми конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар	Бірлік.	10	17
28	ПОҚ республикалық және халықаралық ғылымитәжірибелік/ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысуы	Бірлік/ адам	105	119
29	Монографиялар шығару (оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының рейтингіне кіретін баспаларды)	Бірлік	2	1
30	ПОҚ және білім алушылардың (ғылы - ми, оқу, шығармашылық) зияткерлік меншігіне патенттер мен авторлық куәліктердің өсуі	Бірлік	5	4
31	СҒЗЖ (республикалық және халықаралық деңгейдегі) конкурстарына қатысатын студенттер саны	Бірлік.	21	10

Консерватория базасында 2024 жылы үш конференция өтті: VI Магистрлік оқулар «XXI ғасырдағы музыкалық дәстүрлер» (37 баяндама, 29-ы ҚҰК, 8 ҚазҰӨУ)); Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Тарихтағы тұлғаның рөлі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (28 баяндама (Қазақстан, Әзербайжан, Түркменістан, Вьетнам));

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (120 адам., сонымен қатар 70 қатысушы баяндама жасады (Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Австрия, Беларусь, Қытай).

2024 жылдың 8-12 сәуір күрдері аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған «Музыкалық өнер мен білім берудегі тұлға, дәстүр, мәдениет» атты ғылым апталығы ұйымдастырылды.

Ғылым апталығы оқытушылар мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға, Орындаушы музыканттар, музыкатанушылар, мәдениеттанушылар мен арт-менеджерлер үшін маңызды тақырыптар бойынша ғылыми тәжірибе алмасуға ықпал етті.

«XXI ғасырдағы өнер адамы» атты **I Республикалық ғылыми эссе байқауы** өтті.

Ғылым апталығының айрықша ерекшелігі консерваторияның әртүрлі кафедралары мен факультеттерінің ПОҚ ұйымдастырған дөңгелек үстелдердің көптігі болды. Жалпы 2024 жылы 14 дөңгелек үстел, ғылыми семинарлар, воркшоптар өткізілді.

2024 жылдың көктемінде біздің ЖОО базасында ҚР ҒЖБМ қамқорлығымен «Өнер» бөлімі бойынша студенттердің **ғылыми-зерттеу жұмыстарының кезекті республикалық конкурсы (СҒЗЖ)** өтті. 1 орынмен (I дәрежелі диплом) «Композитор И.Мошелестің флейта, гобой және оркестрге арналған концертинің орындаулық ерекшеліктері» еңбегі үшін, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, 6В02102 - «Аспаптық орындаушылық» мамандығының студенті Оспанбаева Аяжан Жақсылыққызы марапатталды. Ғылыми жетекшісі – «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті Калымова Ғалия Далелханқызы,

Слайд 14

2-4

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
32	Студенттердің республикалық және халықаралық студенттік конференцияларға қатысуы	Бірлік.	37	32
33	Жоғары оқу орындарында академиялық адалдық қағидаттарын іске асыру мақсатында алынған айқындаудың ақпараттық жүйелерінің саны (келісімнің болуы)	Бірлік	1	1 (Антиплагиат. Вуз)
34	ПОҚ-ның шетелдегі қысқа мерзімді (1 айдан 12 айға дейін) академиялық немесе ғылыми іс-шараларға/ тағылымдамаларға қатысуы	Бірлік	1	6
35	Концерттік-жобалық қызметке тартылған білім алушылардың үлесі	%	80	80
36	Фестивальдар, конкурстар, олимпиадалар (республикалық және халықаралық деңгейдегі) жеңімпаздарының саны	Бірлік.	85	309

2024 жылдың 20 наурызы мен 26 сәуір аралығында ЖОО арасындағы XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиада және музыкалық колледждер мен мамандандырылған мектептер арасындағы кіші олимпиада болып өтті. Пәндік олимпиадаға 12 жоғары оқу орнынан 271 студент қатысып, 78 студент жүлделі орындарға ие болды. Кіші олимпиадаға орта арнаулы оқу орындарынан 362 білім алушы қатысып, 147-сі жүлделі орындарды жеңіп алды.

2024 жылы ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің «500 ғалым» бағдарламасы бойынша 6 оқытушы ғылыми тағылымдамадан өту үшін грант иегерлері атанды.

Кесте 1. 2024 жылы «500 ғалым» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өткен ПОҚ тізімі

№	АЖТ	Қызметі	Кафедрасы	Факультеті	Ел және қала	Шетелдік ұйымның атауы	Өту мерзімі
1	Бекенова А.С.	доцент	Ішекті аспаптар кафедрасы	АОФ	Италия, Флоренция қ.	LABA of Florence (Libera Accademia di	04.03.2024-31.05.2024

						Belle Arti Firenze)	
2	Дюсембаева Р.С.	Аға оқытушы	Арнайы фортепиано	АОФ	Оңтүстік Корея, Сеул қ.	Seoul National University, Asian College of Music	10.2023-08.2024
3	Есдаулетова К.А.	Аға оқытушы	Дирижерлеу	ВДФ	Италия, Флоренция қ.	LABA of Florence (Libera Accademia di Belle Arti Firenze)	04.03.2024-31.05.2024
4	Игілік Б.К.	Доцент	Домбра	ХМФ	Италия, Флоренция қ.	LABA of Florence (Libera Accademia di Belle Arti Firenze)	04.03.2024-31.05.2024
5	Малаева Р.А.	Доцент	Арт-менеджмент	МАМФ	Турция, Анталья қ.	Акдениз университеті	01.03.2024-31.05.2024
6	Оспанова А.М.	Аға оқытушы	Арт-менеджмент	МАМФ	Италия, Флоренция қ.	LABA of Florence (Libera Accademia di Belle Arti Firenze)	04.03.2024-31.05.2024

Слайд 15

2-5

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
37	ЖОО ұйымдастырған республикалық деңгейдегі шығармашылық жобалар саны (мастер-кластар, фестивальдар, конкурстар, олимпиадалар)	Бірлік.	10	50
38	Мәдени-ағарту қызметі аясындағы концерттер мен іс-шаралар	Бірлік.	12	70
39	ЖОО-ның онлайн-ресурстарында концерттерді трансляциялау (ағындар, тікелей эфирлер, жоспарланған премьералар)	Бірлік.	5	6 кафедралық 4 ЖОО
40	Білім алушылардың және/немесе оқытушылардың жеке, сыныптық және құрама концерттерінің саны	Бірлік.	12	163
41	Шығармашылық қызметпен айналысатын ПОҚ үлесі	%	46	60

50 творческих проекта за 2024 год!

2024 жыл консерватория үшін мерейтойлық жыл болды. Мерейтойлық марафон аясында 40-қа жуық іс-шара өткізілді, олар тарихқа бай өткенді, шығармашылық бүгінді және қазақстандық музыка мәдениетінің болашағын атап өтті. Марафон концерттерді, мастер-класстарды, көрмелерді, конференцияларды және басқа да мәдени іс-шараларды біріктіріп, Қазақстан мен шет елдердің түкпір-түкпірінен аудитория жинады. Мерейтойлық марафон бағдарламасына 38 іс-шара, оның ішінде 28 концерт, 7 шеберлік сабақ, 3 ғылыми форум кірді. Мәдени институттармен ынтымақтастықта ҚР Ұлттық кітапханасында «Қазақ өнерінің қара шаңырағы» көрмесі ұйымдастырылды; Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында «Мәселелер өнер синтезі және ұлттық мәдениет» дөңгелек үстелі және т.б.

Мерейтойдың шарықтау шегі консерваторияның ең үздік шығармашылық ұжымдарын, солистер мен шақырылған әртістерді жинаған Республика Сарайындағы Гала-концерт және консерваторияның үлкен залындағы Гранд-финал болды. Мерейтойлық іс-шаралар ұрпақтар сабақтастығын және жас музыканттардың зор әлеуетін көрсетті. «Хабар «Агенттігі» АҚ марафон аясында деректі фильм түсірілді.

Айта кетейік, 10 желтоқсанда ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен «БҰҰ-әйелдер» құрылымымен, гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия альянсымен, «Қазақстандағы дағдарыс орталықтарының одағы» ЗТБ бірлескен жобасы өтті.

25 желтоқсанда КСРО Халық әртісі Бибігүл Төлегенованың 95 жылдығына арналған салтанатты концерт өтті.

Концерттерді ЖОО-ның ресми онлайн-ресурстарында трансляциялауға болады. Ресурстар бар. Алайда, туындаған екі ашық сұрақ бар. Біріншісі- консерваторияның кейбір залдарында wi-fi-ға қол жетімділік жоқ, бұл тікелей онлайн трансляцияларды жүргізуді қиындатуы мүмкін. Екіншісі – мұндай стримдерді сапалы жүргізуде қиындықтар туындауы мүмкін, өйткені қол жетімді камераларда жазу сапасы әртүрлі.

Слайд 16

2-6

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
42	ЖОО жанындағы шығармашылық ұжымдарды дамыту: ансамбльдер, әр түрлі композицияларда live band, халық аспаптар оркестрі, хорлар, студенттік театрлар, вокалдық, фольклорлық, би ұжымдары	Бірлік.	6	20
43	ЖОО базасында немесе бастамасы бойынша шығармашылық конкурстар	Бірлік	1	2
44	Прирост реализуемых стартапов в сфере арт-менеджмента	Бірлік	1	2

Консерваторияның 20 шығармашылық ұжымы:

Grande вокалдық квинтеті;
Құрманғазы атындағы ҚҰК аралас хоры;
«D`EL`SA CONSORT» барокко музыкасыының ансамблі;
Виолончелистер ансамблі;
Контрабасистер ансамблі;
Құрмапғазы атындағы ҚҰК скрипачтар ансамблі;
Альтистер ансамблі;
Студенттік үрмелі аспаптар оркестрі;
Саксофонистер ансамблі;
Қарағайлы-үрмелі аспаптар квинететі;
Студенттік симфониялық оркестр;
Студенттік камералық оркестр;
«Каусар» жетігеншілер ансамблі;
Фольклорлық ансамбль;
Халық аспатар оркестрі;
«Saz.Art» сазсырнайшылар ансамблі;
Домбырашылар ансамблі;
Фольклорлық аспаптар оркестрі;
«Кертолғау» қылқобызшылар ансамблі;
«Меруерт» прима қобызшылар ансамблі.

Консерваторияда жоспарланған 6 шығармашылық ұжымның орнына қазір 20-сы жұмыс істейді: Grande вокалдық квинтеті; Құрманғазы атындағы ҚҰК аралас хоры; «D`EL`SA CONSORT» барокко музыкасыының ансамблі; Виолончелистер ансамблі; Контрабасистер ансамблі; Құрманғазы атындағы ҚҰК скрипачтар ансамблі; Альтистер ансамблі; Студенттік үрмелі аспаптар оркестрі; Саксофонистер ансамблі; Қарағайлы-үрмелі аспаптар квинететі; Студенттік симфониялық оркестр; Студенттік камералық оркестр; «Каусар» жетігеншілер ансамблі; Фольклорлық ансамбль; Халық аспаптар оркестрі; «Saz.Art» сазсырнайшылар ансамблі; Домбырашылар ансамблі; Фольклорлық аспаптар оркестрі; «Кертолғау» қылқобызшылар ансамблі; «Меруерт» прима қобызшылар ансамблі.

Мерейтойлық іс-шаралар аясында университеттің шығармашылық ұжымдары үшін дизайнерлік сахналық костюмдер тігілді: симфониялық оркестр

үшін – 94, үрмелі оркестр үшін – 101, фольклорлық – этнографиялық оркестр үшін – 107, аралас хор үшін – 101.

Слайд 17



№ 3 стратегиялық бағыт білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметті интернационалдандыруға көзделген.

Слайд 18

3-1

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
45	Шетеллік оқу орындары мен мәдени орталықтар, ҒЗИ мен ынтымақтастық туралы шарттар	Бірлік.	7	20
46	Қос дипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламаларының саны, оның ішінде QS рейтингінің Top-700 қатарынан серіктес ЖОО-лармен	Бірлік.	0	0
47	Алыс шетелдің жоғары оқу орындарымен бакалавриаттың қос дипломды БББ саны	Бірлік.	0	0
48	Әр БББ бойынша ағылшын тіліндегі пәндер саны	Бірлік.	4	16
49	ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ саны	Бірлік.	6	16 мүмкіндігі бар
50	ЖОО-дағы студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттер саны	Бірлік.	14	21

Келісімдер: Вано Сараджишвили атындағы Тбилиси мемлекеттік консерваториясы,

Глазунов атындағы Петрозаводск Мемлекеттік консерваториясы, ПЕТРОЗАВОДСКАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОНСЕРВАТОРИЯ имени А. К. ГЛАЗУНОВА

Рубинштейн атындағы Халықаралық музыка академиясы,

Римский-Корсаков атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік консерваториясы,

Грузия өнер ғылыми-зерттеу институты,

Ресей Федерациясының Мемлекеттік өнер институты,

Беларусь Мемлекеттік музыка академиясы,

М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты,

Орыс әдебиеті институты (Пушкин үйі),

Шнитке атындағы Мәскеу мемлекеттік музыка институты, МОСКОВСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНСТИТУТ МУЗЫКИ

Әзірбайжан ұлттық консерваториясы, AZƏRBAYCAN MILLI KONSERVATORIYASI

Өзбек консерваториясының Нокіс филиалы.

2024 жылы Консерватория түрлі бағыттар бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайта отырып, ЖОО-ны интернационалдандыру жөніндегі жобаларды едәуір кеңейтті. Мысалы, шарттарды жасасу бойынша жоспар 13 позицияға асыра орындалды: Грузия, Ирландия, Италия, Қытай, Латвия, Ресей, Сербия, Словакия, АҚШ, Түркия, Швейцарияны қоса алғанда, 13 елдің білім беру мекемелерімен 20 меморандумға қол қойылды.

Бұл халықаралық ғылыми, білім беру және шығармашылық жобалардың, сондай-ақ академиялық ұтқырлық жобаларының өсуіне ықпал етті.

2020 жылдан бастап Консерватория 1953 жылы құрылған музыка саласындағы оқу орындарының мәдени-білім беру бірлестігі - Еуропалық консерваториялар қауымдастығының (Бельгия) мүшесі болып табылады. Қазіргі уақытта консерваторияның ЕЭК іс-шараларына қатысуы бойынша келіссөздер жүргізілуде.

2024 жылы шет елдердің консулдықтарымен және елшіліктерімен жұмыс жандандырылып, бірқатар концерттер берілді. Бұл іс-шаралар консерваторияның студенттері мен оқытушыларына музыкалық өнер және білім беру саласындағы кәсіби көкжиектерді кеңейтуге және халықаралық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік берді. 2025 жыл әлемнің жетекші музыкалық институттарымен халықаралық ынтымақтастық саласындағы бастамалар мен жобаларды дамытудың жалғасы болады.

Слайд 19

3-2

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
51	Білім алушылардың шетелдік академиялық ұтқырлығы (шығыс), оның ішінде Эразмус +	Бірлік.	7	12
52	Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелге кемінде 2 апта мерзімге кеткен студенттер саны	Бірлік.	0	12
53	Шетелден келетін академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылар саны	Бірлік.	2	3
54	Халықаралық алмасу және тағылымдама бағдарламаларынан өткен педагогтардың саны	Бірлік.	2	6
55	ПОҚ қатысатын халықаралық шығармашылық жобалар (шеберлік сыныптары, фестивальдар, конкурстар) саны	Бірлік.	3	18

Жоспармен салыстырғанда сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша студенттер саны 5 адамға өсті, оның ішінде Erasmus + бағдарламасы бойынша халықаралық кредиттік ұтқырлықты қоса алғанда, 12 қатысушы алмасу бағдарламасына қатысты. Студенттер Виго, Краков, Казань, Петрозаводск,

Санкт-Петербург қалаларына жіберілді. 2024 жылы сыртқы кіріс академиялық ұтқырлық та жанданды. Консерватория Ресей мен Швейцариядан 3 шетелдік студентті қабылдады. Шетелден келген академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылар саны – жоспар бойынша 2, жыл қорытындысы бойынша 3 адамды құрады.

Консерваторияның оқытушылар құрамы да халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысты. 2024 жылы Erasmus + бағдарламасы аясында консерваторияның 4 оқытушысы Виго жоғары музыкалық консерваториясында (Виго, Испания) шеберлік сыныптарымен өнер көрсетті.

2024 жылдың ақпан айында консерваторияға академиялық ұтқырлық бағыты бойынша Кшиштоф Пендерецкий атындағы Музыка академиясының хор музыкасын зерттеу кафедрасының профессоры, доктор (hability) Станислав Кравчинскимен (Краков, Польша), сәуір айында Вроцлавтағы Кароль Липинский атындағы музыка академиясы жанындағы театр және кино музыка студиясының жетекшісі, доктор (hability) Себастьян Ладыжинскимен (Вроцлав, Польша) кездесулер өтті.

ПОҚ қатысатын халықаралық шығармашылық жобалардың саны (шеберлік-сағаттар, фестивальдар, конкурстар) 2024 жылы жоспарланған көрсеткіштен 6 есеге (3 орнына 18) асып түсті.

Слайд 20

№ 4 Стратегиялық бағыт білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды жаңғыртуды көздейді.

Слайд 21

4-1

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
56	Жалпы аудиториялық алаңдардағы мамандандырылған аудиториялардың (репетициялар, шығармашылық ұжымдардың сабақтарына арналған) үлесі	%	100	98,7
57	Құрылымдық бөлімшелердің компьютерлік және техникалық қамтамасыз етілу үлесі	%	95	100
58	Барлық ғимараттар мен құрылыстардың қазіргі заманғы орт-күзет сигнализациясымен жарақталған үлесі	%	100	100
59	Жатақхананың тегін интернетпен қамтамасыз етілу	%	100	100
60	Мамандандырылған ақпараттық ресурстарға қол жеткізу	Бірлік.	8	18

2024 жылы біз «Platonus» 6.0 бағдарламасының жаңа нұсқасын, сондай-ақ жатақханада тұруға студенттік өтініштерді электронды түрде беруді қамтамасыз ететін «Жатақхана» модулін сатып алдық. Бірақ, ААЖ техникалық қызмет көрсету төлемі 2025 жылға бюджетке кірмеген.

Республикалық бюджеттен қаржыландырудың қысқаруына қарамастан, техникалық персонал қызметкерлері жатақхана ғимаратында ішінара жөндеу жұмыстарын орындады. Келесі жұмыс түрлері орындалды:

1. Қабырғалар мен төбелерді косметикалық бояу жалпы көлемі 1750 м2.
2. Баспалдақ алаңдарындағы кафель жабындарын жөндеу 25м2.
3. Жылыту жүйесіндегі ақауларды жою: 20 жылыту аспабы ауыстырылды, 50 коррозиялық бұзылулар жойылды.
4. Сантехникалық жабдықтар ауыстырылды:

Унитаздар – 16 дана; раковиналар – 6 дана; смесительдер – 20 дана.

5. Жиһаздарға жөндеу жұмыстары жүргізілді: орындықтар – 80 дана; шкафтар – 10 дана; үстелдер – 15 дана.

Оқу ғимараттарының архив және кітапхана үй-жайлары темір стеллаждармен толықтырылған. Медициналық кабинет, жаңа жабдықтар мен мүкәммалмен толық жабдықталған.

Үлкен концерт залының ғимаратында кеңсе бөлімдерін монтаждау, қосымша киім ауыстыратын бөлмелермен жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Климаттық жабдықтар (фанкойл) толық көлемде жөнделді.

Бүгінгі таңда консерваторияда жоспарланған 8 мамандандырылған ақпараттық ресурстардың 18-не қолжетімділік бар.

Слайд 22

4-2

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
61	ЖОО-ның бюджеттен тыс қаражатынан ғылымишығармашылық зертхана базасын дамытуға арналған шығыстардың үлесі	%	5	0
62	Жатақханаға енгізілген төсек орындарының саны	Бірлік.	664	664
63	Оқу және ғылыми жабдықтарды (оның ішінде музыкалық аспаптарды) жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі	%	5	-
64	ЖОО-да инклюзивті білім беру үшін жасалған жағдайлар деңгейінің тексеру парағына сәйкестігі	%	65	60

Күрделі жөндеу кезінде оқу корпустары пандустармен, корпустарға кіреберістер сымсыз көмекке қоңырау шалу түймесімен, ғимараттар тактильді плиткалармен және мнемотехникамен жабдықталған.

Ғимаратта мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға арналған жиналмалы тірек тұтқалары бар жуынатын бөлмелер қарастырылған. Автокөлік құралдарын қоюға арналған орындар бар.

Оқу аудиторияларына, компьютерлік класстарға, конференц-залға және концерт залдарына, кітапханаға баспалдақ өткелдеріндегі тайғақ емес жабынның көмегімен кедергісіз кіруді қамтамасыз ететін жағдайлар жасалған.

Алдағы жоспарда дыбыс күшейтетін жабдықтармен жарақтандыру, қабаттарға көтерілу үшін арнайы көтергіштерді орнату арқылы оқу корпусын қосымша бейімдеу көзделген.

2024 жылдың 8-19 сәуір аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамы Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті ұйымдастырған «Инклюзия жағдайында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау» бағдарламасы бойынша 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті (16 адам).

2024 жылғы 16 қыркүйек пен 26 қыркүйек аралығында Астана қаласының «Білім-сапа Оқу орталығы» ЖШС «Инклюзивті жоғары мектеп: ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін жайлы білім беру ортасын құру» атты тақырыбында 80 сағат көлемінде консерваторияның 150 оқытушысы курстан өтті.

2024 жылы 166 оқытушы сертификаттарға ие болды.

Слайд 23

№ 5 стратегиялық бағыт консерваторияның бәсекеге қабілетті білім беру және еңбек әлеуетін қамтамасыз етеді. **Оның мақсаты**: консерваторияны ЖОО-ның ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылығына қол жеткізу және оның стратегиялық міндеттерін орындау үшін қажетті білікті, адал және уәжді қызметкерлермен қамтамасыз ету.

Слайд 24

5-1 Консерваторияның профессорлық-оқытушылық құрамының сапалық және сандық көрсеткіштері

2024 жыл	Жалпы саны	Қосымша	Негізгі
Ғылым докторы	7	1	6
Ғылым кандидаты	42	6	36
PhD докторы	20	3	17
Профессор	14	2	12
Доцент	14	3	11
Халық артисі	7	1	6
Еңбек сіңірген әртісі	5	1	4
Еңбек сіңірен қайраткері	40	13	27
ПОҚ	370	114	256

ПОҚ-ның жалпы саны – 370, оның ішінде 7 ғылым докторы, 20 PhD докторы, 42 ғылым кандидаты, 52 оқытушы құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалардың иегерлері болып табылады.

Слайд 25

5-2

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
65	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша ПОҚ біліктілігін арттыру	адам	70	136
66	Әкімшілік және менеджмент бойынша басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру	адам	5	18
67	Кадрлардың ауысуы	%	5-10	24, 8
68	Мемлекеттік және ведомстволық наградалармен, құрметті атақтармен марапатталған консерваторияның ПОҚ және қызметкерлерінің саны	адам	15	52
69	Оқытушылырдың жалпы санынан мемлекеттік марапаты/дәрежесі бар педагогикалық қызметкерлер санының байланысы	%	36	40, 2

2024 жылы консерватория қызметкерлері мен оқытушыларынан 2 оқытушы және 1 қызметкер Мемлекеттік наградаларға, 30 адам ведомстволық тосбелгілерге ие болды; 13 адам – Құрмет грамоталары және 10 оқытушы – МАМ атынан алғыс хаттармен марапатталды.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, кадрлардың айналымы 24,8% құрады.

2024 жылы консерваторияға 39 оқытушы, 18 концертмейстер және 15 иллюстратор, 78 әкімшілік-басқару және қызмет көрсету персоналы қабылданды. 27 оқытушы, 50 концертмейстер және 10 иллюстратор, 88 әкімшілік-басқару және қызмет көрсету персоналы жұмыстан босатылды.

Негізінен бос жұмыс орындары ҚР Үкіметінің № 1193 қаулысы негізінде жүргізілетін жалақының төмен болуына байланысты оқу-көмекші (концертмейстерлер, лаборанттар), әкімшілік-басқару (мамандар) және қызмет көрсету (жұмысшылар, тазалаушылар, аула тазалаушылар) секторларында байқалады.

2024 жылы консерватория қызметкерлері мен оқытушыларынан 2 оқытушы пен 1 қызметкер Мемлекеттік наградаларға, ал 30 адам ведомстволық төсбелгілерге; 13 адам – Құрмет грамоталарына және 10 оқытушы – ҚР МАМ алғыс хаттарына ие болды.

Слайд 26



№ 6 стратегиялық бағыт.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау, дайындық курстарының тыңдаушыларын оқыту жөніндегі қызметтер.

Мақсаты: Консерваторияның қосымша білім беру саласындағы қызметтеріне сұранысты басым бағыттар мен өзекті білім беру бағдарламаларын дамыту есебінен қанағаттандыру.

Слайд 27

6-1

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
70	ЖОО базасында біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының саны	Бірлік.	210	193
71	ЖОО базасында біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының саны	Бірлік.	20 кем емес	15
72	Кәсіби музыкалық білім беру кадрларын қайта даярлау бағдарламасы	Бірлік.	5 кем емес	0
73	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар саны (балалар/ересектер	Бірлік.	60	61/10
74	Дайындық курстарында білім алушылардың саны	Бірлік.	33	27

2024 жылы ЖОО базасында Біліктілікті арттыру бойынша курс тыңдаушыларының саны 193 тыңдаушыны құрады. 2024 жылы шеберлік-класстар бойынша барлығы 80 маман сертификатталды.

Консерваторияның профессорлық-оқытушылық құрамы тыңдаушыларға әртүрлі пәндер бойынша жаңа заманауи және құнды әдістемелік әзірлемелерді ұсынатын 15 авторлық бағдарлама әзірледі.

Консерваторияда кәсіби музыкалық білім беру кадрларын қайта даярлау бағдарламаларына тыйым салынады, өйткені бұл қызметке лицензия жоқ.

Программы переподготовки кадров профессионального музыкального образования в Консерватории запрещены, т.к. нет лицензии на данную деятельность. Сондай-ақ, балалар мен ересектерге арналған музыкалық курстардың жабылуына байланысты ҚҰК Бағдарламасы және даму жоспарының №73 тармағы өзектілігін жоғалтты: «Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар саны» (балалар/ересектер).

Слайд 28

№ 7 стратегиялық бағыт тәрбие жұмысы және студенттік өзін-өзі басқарумен байланысты. Оның мақсаты: Білім алушылардың басқарушылық, әкімшілік және коммуникациялық құзыреттерін дамыту үшін, оның ішінде олардың консерваторияның тәрбиелік және әлеуметтік іс-шараларына қатысуы есебінен жағдайлар жасау.

Слайд 29

7-1

№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
75	Қоғамға әлеуметтік жауапкершілік пен адамгершілік қатынасты қалыптастыратын іс-шаралар және рухани-адамгершілік тәрбие	Бірлік.	6	38
76	Мәдениет қайраткерлерімен шығармашылық кездесулер, ғылым және білім/кошбасшыларының пікірі	Бірлік.	3	13
77	Мектептерде, ауруханаларда және өзге де әлеуметтік мекемелерде білім алушылар жүзеге асыратын қоғамның рухани-эстетикалық дамуына бағытталған ағартушылық жобалар	Бірлік.	5	4
78	Спорттық-сауықтыру іс-шаралары	Бірлік.	8	8
79	Консерваторияның спорттық іс-шараларына қатысатын студенттердің үлес	% жалпы санына н	40	16

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында тәрбие жұмысы әлеуметтік, мәдени және білім беру аспектілерін қамтитын кешенді тәсіл негізінде құрылады. Басты мақсат – студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін, гуманизмін және рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту. Осы бағдарлама аясында жыл басынан бері оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар өткізілді.

2024 жылы әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға және рухани құндылықтарды нығайтуға бағытталған 15 іс-шара ұйымдастырылды. Негізгі оқиғалардың арасында: «Сақтық – қауіптің алдын алу» интерактивті әңгіме; «Отбасылық құндылықтар» тақырыбындағы пікірталас және отбасылық-дәрігерлік орталық мамандарымен кездесу; С. Сейфуллин, И. Жансүгіров және Б. Майлиннің 130 жылдығына арналған «Үш бәйтерек» әдеби-музыкалық кеші; «Сыр-Сұхбат» поэхия кеші; «Шакен әлемі» мюзиклының қойылымы; «Конституция – мемлекет пен қоғам дамуының негізі» дөңгелек үстелі; «Менің жетістігім – менің нәтижем» пікірталас сериясы; Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай ұйымдастырылған факультетаралық полиглоттар байқауы; «Дильмар» республикалық шешендік өнер байқауына қатысу; «Біз әр түрлі, бірақ біз теңбіз», «Психикалық денсаулық және суицид. Өмір үшін өмір сүр», сондай-ақ есірткіге қарсы бағыт тақырыбындағы тренингтер және т.б.

Сондай-ақ бірқатар пікірталастар, факультетаралық полиглоттар байқауы, психикалық денсаулық, суицидтің алдын алу және есірткіге қарсы бағыттағы тренингтер өткізілді.

Бір жыл ішінде қоғамдық пікір көшбасшыларымен, мәдениет пен ғылымның көрнекті өкілдерімен 14 кездесу өтті. Шақырылған қонақтардың қатарында — Диана Тачер, Александр Мелентьев, Айдар Гайнуллин, Талғат Мұсабаев, Назар Кожухарь, Марат Бисенгалиев және басқалар бар. Бұл іс-

шаралар студенттерге ой-өрісін кеңейтуге және табысты тұлғалардың үлгісінен шабыт алуға мүмкіндік берді.

Консерваторияда рухани және эстетикалық дамуға арналған 12 іс-шара ұйымдастырылды. Студенттер қайырымдылық концерттерге қатысып, мұражайлар мен әлеуметтік мекемелерге барды. Көру қабілеті нашар және зағип адамдарға көмек көрсету жобаларына, сондай-ақ қарт адамдарға, аурухана пациенттеріне және балалар үйіндегі балаларға қолдау көрсетуге ерекше назар аударылады.

Студенттердің денсаулығын нығайту мақсатында шағын футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ және дартс бойынша турнирлерді қоса алғанда, 10 спорттық іс-шара өткізілді.

Ұлттық спорт түрлері күніне арналған іс-шаралар, сондай-ақ студенттердің ЖОО аралық жарыстарға қатысуы ерекше атап өтілді.

Слайд 30

	№	Көрсеткіштер		2024 жылғы жоспар	Орындалды 2024
7-2	80	Құқықтық нормаларға (дәрістер мен семинарлар) және жауапкершілік пен моральдық-этикалық мәселелер, сондай-ақ діни тәрбиеге қатысты іс-шаралар	Бірлік.	3	14
	81	Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі	%	5	3, 2
	82	ЖОКБҰ бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі	%	90	94,5%
	83	Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында студенттік өзін-өзі басқару және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі	%	10	13,8

Құқықтық мәселелерге, моральдық-этикалық нормаларға және діни тәрбиеге арналған 13 іс-шара ұйымдастырылды. Негізгі тақырыптарға экстремизмнің алдын алу, харассмент, қаржылық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті дамыту кірді. Студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы олимпиада мен қауіпсіздік семинарларына қатысты.

Консерватория еріктілердің бастамаларын белсенді қолдайды. Бір жыл ішінде әлеуметтік осал студенттерді қолдауға және қалалық іс-шараларға қатысуға бағытталған 7 акция өткізілді. Белсенді студенттерге тұру ақысын төлеуге көмектесуге ерекше назар аударылады.

Патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар маңызды орын алады.

Олардың қатарында — Welcome Party, ағылшын тіліндегі пікірталастар, көшбасшылық және автодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша семинарлар, республика күніне, Конституция күніне және т. б. арналған дөңгелек үстелдер мен концерттер бар.

Студенттердің психологиялық әл-ауқатына ерекше назар аударылды. Осы бағдарлама аясында психикалық денсаулықты қолдауға, қорқыту мен кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған 48 іс-шара өткізілді.

Слайд 31



Консерваторияның 2024 жылғы даму бағдарламасы мен жоспарының көрсеткіштерін орындауды қорытындылай келе, біздің күшті және әлсіз жақтарымызға, мүмкіндіктер мен қауіптерге назар аудару керек.

Слайд 32

Біздің күшті жақтарымыз:

1. Музыкалық өнер саласындағы танымал мамандардан, зерттеуші ғалымдардан, педагог-практиктерден тұратын кәсіби ПОҚ;
2. Әкімшілік пен басшы қызметкерлердің менеджменті бойынша жоғары біліктілігі;
3. Бір жыл ішінде консерваторияның 56 қызметкері мен оқытушысы мемлекеттік және ведомстволық наградалармен, құрметті атақтармен марапатталды;
4. Бакалавриат, магистратура (бейіндік және ғылыми-педагогикалық бағыттағы) және докторантураның білім беру бағдарламалары мазмұнының үздіксіздігі мен сабақтастығы;
5. Фестивальдар, конкурстар, олимпиадалар (республикалық және халықаралық деңгейдегі) жеңімпаздарының және студенттердің республикалық және халықаралық студенттік конференцияларға қатысуының саны жоспардан екі есе көп;

6. Мерейтойлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша Консерватория мәтебесінің жоғары бренд имиджі;
7. Қаладан тыс студенттерге арналған заманауи жабдықталған жатақхана;
8. Халықаралық кітапханалардың мамандандырылған ақпараттық ресурстарына және референтті деректер қорларына кең қол жетімділік;
9. Түлектердің сұранысы;
10. Консерваторияның жеке концерт залдарында оқытушылар мен студенттердің белсенді концерттік қызметі.
11. Әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамға адамгершілік қатынас пен рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыратын шаралардың көптігі.
12. Бірінші бірлескен Білім беру бағдарламасы әзірленді;

Слайд 33

Әлсіз жақтарға мыналар жатады:

1. Консерватория дамуын, тұтастай алғанда, ғылыми-зерттеу жобаларын және ғылымды дамытуды қаржыландыру үшін, атап айтқанда, РММ мәртебесіне байланысты (екінші деңгейдегі банктерде шоттар ашу мүмкіндігінің болмауы) қосымша қаржыландыру алу мүмкіндігінің болмауы;
2. Оқу-көмекші персоналдың (концертмейстерлердің, бөлім менеджерлерінің) және қызметкерлердің төмен жалақысы, бұл 10% кадр құрамының ауысуына байланысты;
3. Ескірген және жұмыс істемейтін интерактивті тақталар;
4. Студенттердің өзіндік дайындығы үшін аудиториялық базаның жетіспеушілігі;
5. Студенттік жатақханада интернет жылдамдығының төмендігі;
6. Әлсіз серверлік жабдық (10 жылдан астам);
7. Профессор-оқытушылар құрамының, оның ішінде рецензияланатын журналдарда жарияланымдық белсенділігінің жеткіліксіздігі, консерватория оқытушылары арасынан зерттеушілердің дәйексөзінің төмен индексі;
8. Профессор-оқытушылар құрамының, оның ішінде рецензияланатын журналдарда жарияланымдық белсенділігінің жеткіліксіздігі, консерватория оқытушылары арасынан зерттеушілердің дәйексөзінің төмен индексі;
9. Республиканың және/немесе шетелдің ашық онлайн-платформаларында орналастыра отырып, ашық онлайн-курстар (MOOC) әзірленбейді және енгізілмейді;
10. Оқытушылардың ағылшын тілін меңгерудің төмен деңгейі халықаралық қызметті, оның ішінде Эразмус+ академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды кеңейтуді қиындатуы;
11. Шетелдік студенттердің төмен үлесі;
12. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланудың, оның ішінде ақпараттық технологияларды енгізудің төмен деңгейі;
13. Оқу пәндерінің, оның ішінде қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі;
14. Сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлықтың жеткіліксіздігі;

15. 2024 жылы ғылыми-педагогикалық қызметті бағалау бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның рейтингі жүргізілмеген, төленбеген;

16. ААЖ техникалық қызмет көрсету төлемі 2025 жылға бюджетке кірмеген.

Слайд 34

Opportunities (Мүмкіндіктеріміз)

1. Жоғары оқу орнының мәртебесін және ПОҚ-ның сапалық құрамын ескере отырып, халықаралық олимпиадалар, білім алушылардың шығармашылық және ғылыми конкурстарын, шығармашылық жобалар мен алмасу гастрольдерін өткізу арқылы ынтымақтастықтың халықаралық құрамдас бөлігін күшейту;
2. Білім алушыларға Major-Minor бағдарламалары арқылы қосымша біліктілік алу мүмкіндігі;
3. Арнаулы орта оқу орындары мен мамандандырылған музыкалық мектептер ортасында консерваторияның оқу-әдістемелік рөлін кеңейту;
4. Консерваторияға «Музыка өнері» және «Арт-менеджмент» бағыттары бойынша бастауыш және орта музыкалық оқу орындары мен ПОҚ оқытушыларының біліктілігін арттырудың республикалық орталығының рөлін ресми бекіту;
5. Бастауыш, орта және жоғары музыкалық білім беру педагогтарының біліктілігін арттырудағы көшбасшылық;
6. Академиялық және мәдени алмасу бойынша, оның ішінде бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі халықаралық ынтымақтастық;
7. Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, соның ішінде Эразмус + қатысуды кеңейту;
8. Бюджеттен тыс қаражат есебінен оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді сатып алуға жыл сайын қаражат бөлу;
9. АЕК іс-шараларына толық құқылы мүше ретінде қосылу, Консерватория базасында қауымдастық іс-шараларын өткізу.

Слайд 35

Threats (Қауіп-қатерлер)

1. Өнер саласындағы кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырысты, өнер саласындағы білім беру ұйымын қолдауға арналған шығыстарды төмендету;
2. Консерватория талапкерлерінің негізгі «жеткізушілері» ретінде орта арнаулы оқу орындарында және мамандандырылған музыка мектептерінде музыканттарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты төмендету;;
3. Қазақстан нарығында музыка және өнер саласындағы мамандардың көптігі;;
4. Төмен жалақыға байланысты жоғары білікті мамандардың «тұрақтамауы»;
5. ПОҚ-ның ҒЖБССҚК, Web of Science, Scopus журналдарында жариялау белсенділігінің аздығынан дәрежелік көрсеткіштердің төмендігі;
6. Ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлерде бәсекелестікті арттыру;

7. Табиғи және техногендік сипаттағы эпидемияға, пандемияға немесе төтенше жағдайларға байланысты карантиндік шараларды енгізу және ұзарту;

8. ЖОО ерекшеліктерін ескермейтін ҒЖБМ Жаңа рейтингтерінің критерийлері бойынша төмен көрсеткіштер.

Слайд 35

Назарларыңызға рахмет!

Құрастырушы: СМС басшысы- Сарымсақова А.С.